КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

4 қыркүйек 2024 жыл Іс № 3971-24-00-2/3150 Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Касымханова А.К. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қостанай облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Reliable partner 2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қостанай облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Reliable partner 2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Reliable partner 2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Reliable partner 2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 218 250 (екі жүз он сегіз мың екі жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 8394 (сегіз мың үш жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Касымханова**

Құжатқа қол қойылған: Касымханова А. К., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Касымханова А. К., 16.10.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

3971-24-3-1/3316